



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



одан әрі дамыту жоспарын ұсынды. Атап айтқанда, «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының компаниялар тобын монополиядан арылту жұмыстары жүргізіледі, бәсекелестік ортаны жақсартуға бағытталған бірқатар заңнамалық бастама қабылданбақ.

Бағдат Мусин Президентке Қазақстанды цифрландыру аясында энергетика, жер қойнауын пайдалану, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, жерді қашықтан зонтиау спутниктерін пайдалана отырып, су және жер

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті

Әңгіме барысында Президенттер қазақ-қырғыз стратегиялық әріптестігінің даму перспективаларын талқылады, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

ылғы мамыр айында Қырғызстанға жасайтын мемлекеттік сапары екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікке сөзсіз тың серпін беретінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты Құмтөр алтын кен орнының мәртебесі туралы келіссөздердің



Президенттер сауда-экономикалық ынтымақтастық пен халықаралық аренадағы өзара іс-қимылды нығайтуға баса назар аударды. Мемлекет басшысы би-

сәтті аяқталуымен құттықтады.

Бұдан бөлек Президенттер бірін-бірі қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтады.

Президент шетелдік IT компанияларға көмек көрсетуді тапсырды

Мемлекет басшысы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинді қабылдады, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің былтырғы атқарған жұмыстарының қорытындылары, цифрландыру және IT саласының даму перспективалары жөнінде, сондай-ақ телекоммуникация бағытындағы жұмыстың сапасын арттыруға қатысты Президент тапсырмаларының жүзеге асырылуы туралы есеп берілді.

Министрдің айтуынша, адам мүддесіне қызмет ететін сервистерді енгізу аясында ең қажетті деген 18 құжат жеке деректерді қорғау шараларын міндетті түрде сақтай отырып, плат-

форманы танымал ету арқылы цифрлық форматқа ауыстырылған.

Бұдан бөлек Бағдат Мусин Қасым-Жомарт Тоқаевқа «цифрлық теңсіздікті» жою, интернетпен қамтамасыз етуге және оның сапасына қатысты бақылау шараларын күшейту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы да есеп берді. Былтыр 628 елді мекенде Интернет сапасы жақсартылса, биыл тағы да 140 ауылда осындай жұмыстар жүргізілмек.

Президентке мобильді операторлардың Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 5G технологиясының сынақтан сәтті өткізілгені туралы баяндалды. 2022 жылы республикалық маңызы бар қалаларда коммерциялық мақсатта іске қосу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар министр телекоммуникация нарығын

ресурстарын мониторингтеу саласындағы бірқатар стратегиялық жоба туралы баяндады.

IT саласын дамытуға баса мән берілді. Astana Hub технопаркінің жұмысы, соның ішінде шетелдік IT компанияларды Қазақстанға әкелу туралы айтылды.

Президент отандық IT секторды қолдауға бағытталған нақты шаралар әзірлеуге және халықаралық нарықта жетістікке жеткен шетелдік IT компанияларға көмек көрсетуді тапсырды.

Кездесу барысында министр «ҰАТ» акционерлік қоғамының ресурстары негізінде осындай жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесі бар отандық IT компаниялардың сарапшыларын тарта отырып, цифрландыру платформасын құруды ұсынды.

Қазақстанда Pfizer екпесін қанша азамат салдырды

10 сәуірге дейін Қазақстанда коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның 1-компонентін – 9 465 962, 2-компонентін 9 198 853 адам салдырды, деп хабарлайды Egeмен.kz

Ведомствоаралық комиссияның жасөспірімдерді, жүкті әйелдерді және бала емізетін аналарды вакцинациялау бойынша ақпаратына қарағанда, Pfizer екпесінің 1-дозасын – 985 053 азамат, 2-дозасын 854 008 тұрғын салдырды.

Оның ішінде алғашқы компонентімен 794 847 жасөспірім, 36 514 жүкті әйел, бала емізетін 130 546 әйел қамтылса, 2-компонентін 710 976 жасөспірім, 31 073 жүкті әйел, бала емізетін 110 774 әйел қабылдаған.

Қазақстанда астық тапшылығы жоқ

Қазақстанның ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров елдегі астық тапшылығы туралы ақпаратты жоққа шығарды, деп хабарлайды Egeмен.kz

«БАҚ-та шикізат тапшылығына байланысты кейбір ұн тарту кәсіпорындарының қызметін тоқтата тұру туралы бірқатар жарияланымдар тарайды. Бірден астық тапшылығы жоқ деген хабардан бастағым келеді. Республикада астық қоры жеткілікті мөлшерде», деді ҚР Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров.

Оның мәліметінше, елімізде 6,4 млн тонна астық бар. Бұл көлем ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету, сондай-ақ астықтың бір бөлігін экспортқа жіберу үшін жеткілікті.

«Айта кетсек, біз жыл сайын шамамен 3 млн тонна ұн өндіреміз, бұл көлемнің жартысы экспортқа жіберіледі. Ішкі нарықта тапшылықтың туындауын және ұн тарту



кәсіпорындарының жүктелуін болдырмау мақсатында ведомствоаралық комиссия 2022 жылғы 1 сәуірден бастап 15 сәуір мен 15 маусым аралығында бидай мен ұн экспортына квоталауды енгізу туралы

шешім қабылдады. Бидай квотасының көлемі – 1 млн тонна, ұнға - 300 мың тонна», деп түсіндірді Айдарбек Сапаров.

Бұдан басқа, ішкі нарықтағы нақты жағдайды бағалау үшін ве-

домство Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің Ұлттық статистика бюросымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп өңірлерде бидайдың бар-жоғын түгендеу бойынша жұмыс жүргізуде.

«Ұнға келетін болсақ, 7 сәуірдегі жағдай бойынша қорлар 118 мың тоннаны құрайды, оның ішінде 10 мың тонна – тұрақтандыру қорларында, 22 мың тонна – айналым схемасы шеңберінде, 48 мың тонна – өндірушілерде, шамамен 20 мың тонна – қоймаларда және 18 мың тонна-сауда объектілерінде. Көрсетілген көлем ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Сонымен қатар, «Азық-түлік корпорациясының» ресурстарында 800 мың тоннадан астам астық бар, олар қажет болған жағдайда тұрақтандыру үшін ішкі нарыққа жіберілетін болады», деп Нақтылады Айдарбек Сапаров.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Қоғамдық қабылдау

Бірқатар мәселелер
шешімін тапты

Мен Майусова Нұржамал, аудандық мәслихаттың депутаты, «AMANAT» партиясының фракция мүшесі ретінде, 6 сәуір күні тұрғындарды жеке өтініш ұсыныстармен қабылдап, өткізген қоғамдық қабылдауда төменгі мәселелер қозғалып, бірқатары сол мезетте шешімін тапты.



1. Акишева Тұрсынбала баласының еміне, күрделі отаға қаржылай көмек сұрады. Баласының еміне қаржы сұраған анаға қайырымдылық көмек берілетін болды.

2. Нәлібек Аманқыз. Жуантөбе тұрғыны. Үйден ашқан шағын нан цехы бар, кәсібін дамыту үшін мемлекеттік қайтарымсыз грантқа қол жеткізуге өтініш білдірді. Аманқыздың құжаттарын көріп шықты. Оқу сертификаты, бизнес жобасы бар, барлық құжаттары дұрыс. Мемлекеттік грант алуға ешқандай кедергі жоқ. Құжаттары комиссияға жолданды.

3. Бұқарбаева Ардақ мүмкіндігі шектеулі ұлы, жолдасы бар. Өзі қараушы. Бір жолғы әлеуметтік көмек сұрайды. Заңдылығына сәйкес бұл мәселе өз шешімін табады деп сенеміз.

4. Әбжанова Баян мүмкіндігі шектеулі, алайда қоғамдық негізде жұмыс істеуге ниетті. Бұл мәселе бойынша аудандық жұмыспен қамту орталығымен хабарласып, мәселенің мән жайын сұрастырды. Баян дәрігерден еңбекке жарамды деген анықтама, сонымен қатар қанша уақытқа /толық жұмыс күніне ия болмаса жарты жұмыс күніне/ жарамды делінген нақты дәрігерлік анықтамаға сәйкес Баян ақылы қоғамдық негізде еңбекпен қамтылады.

5. Жамал Балақұл. Жартытөбе ауылы. Жеке кәсіп ашып, мал шаруашылығымен айналысуды көздейді. Осы бағытта мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие, қайтарымсыз грант алуға өтініш білдірді. Құжаттары нақты, толық. Мемлекеттік қайтарымсыз грант алуға да, жеңілдетілген несие алуға да ешқандай кедергі жоқ. Құжаттары комиссияға жолданды.

6. Құдатопа Ж. Тасты ауылы. Жұмакүл апайдың жолдасы мүгедектігі бар, өмірлік. Жасы ұлғайған сайын жүріп тұруы қиындап кеткен. Әлеуметтік қызметкер тағайындалған, алайда әлеуметтік қызметкер науқастың жанында 24 сағат бола алмайтыны белгілі. Осыған байланысты жұбайы Жұмакүлді күтуші ретінде тағайындау қажет болып тұр. Бұл мәселе бойынша ауыл әкімі, әлеуметтік қызметкер және отбасы мүшесі арқылы барлық құжаттарын алдырып, дәрігерлік сараптамаға жолдап, жуық арада оңтайлы шешімі табылады деп күтеміз.

7. Бірнеше көше тұрғындарының телефон арқылы қойған сұрақтары: сенбі демалыс күндері әр уақытта электр жарықтарының неге сөндіріліп жатқаны бойынша жауап бердім. Электр желілерінің жөндеу жұмыстарына сәйкес көшелер, кезек кезегімен өшіріліп жатыр. Алайда бұл мәселе бойынша әлеуметтік желіде тиісті мекеме мамандары хабарландырулар, ескертулерді жариялап отыр. Хабарландыруларға назар аударып тұру керек.

8. А.Сопбекова, анасы 96 жаста. Ескі балабақшада тұрады. Қарт анаға жеке тұрғын үй берілсе дейді. Бүгінгі таңда ауданда тұрғын үй салынып жатқан жоқ, десек те қарт анаға, тыл ардагеріне демеуші арқылы болсын көмек берілетін болады деп күтеміз.

2021 жылдың соңғы айларында өткізген қоғамдық қабылдауда өтініш білдірген тұрғындардың бірнеше әлеуметтік мәселелері шешімін тауып, көмек берілді. Сонымен қатар, екі азаматтың тұрақты еңбекпен қамтылуына ықпал жасадым. Бірі аудандық орталық ауруханаға, медбике қызметі. Екінші азамат өндіріс орнына, 15 күндік вахталық режиммен.

Нұржамал МАЙУСОВА.
Аудандық мәслихаттың депутаты.

Ауыл әкімдері есеп берді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» № 826 Жарлығын іске асыру аясында ауылдық округтері мен кент әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі әлеуметтік желілерге және бұқаралық ақпараттық құралдарына жарияланған болатын. Осы орайда Созақ ауылдық округі әкімі Батырхан Аяпов биылғы жылдың I тоқсанында атқарған жұмыстары туралы есебін берді. Ауыл әкімі өз есебінде ауыл әкімдігі бойынша 2022 жылдың 3 айында жергілікті бюджетке 10 млн 557 мың теңге қаржы түсіп, жоспар 659,8 пайызға орындалған. 2022 жылғы I-

тоқсанға сәйкес пайдаланбай жатқан ауылшаруашылық 300 га жайылымдық жер телімдері ауданның арнайы жер қорына қайтарылды. Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланбай отырған бірқатар шаруаларға, және тұрғын үй мақсатында жалға жер алған азаматтарға жер кодексінің 92-94 баптарына сәйкес түсіндіріліп ескертілді. 2022 жылға азаматтардың өтінішіне байланысты ауданның арнайы жер қорынан ауылшаруашылық жайылым және суармалы жерлер конкурсына шығарылатын болады. 2022 жылы облыстық бюджет есебінен ауылшаруашылық маңызы бар жалпы ұзындығы 22 шқ болатын Суын-

ылында бұрыннан пайдаланудағы жалпы ұзындығы 22 шқ ауыз су құбырына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Шақырық елді мекенін таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жаңадан құдық қазылып су жинау мұнарасы салынатын жер таңдалып, сметалық құжаттар жасалуда. Сонымен бірге шаруа қожалықтардың таудан келетін ағын суды тиімді пайдаланудың тәртібі бекітіліп, сумен қамтамасыз ету жолдары үйлестірілді. Созақ ауылдық округі бойынша барлығы 30 көше жалпы ұзындығы 62 шқ оның ішінде: асфальт -31 шқ, қиыршақ тас – 27 шқ, топырақ жолы 4 шақырымдық құрайды. Қазіргі

Бағытымыз бекем, мақсатымыз айқын

тоқсанының қорытындысымен бюджеттің шығыс бөлігі 16 млн. 329 мың теңгені құрап, 100 пайызға игерілген. Көктемгі егіс бойынша 20 га арпа, 280 га жүгері, 110га көкөніс, 107 га бақша, 81га картоп, 395 га жоңышқа егілу жоспарлануда деді. Көктем мезгілінде ауылға және туберкулезге, қарасанға қарсы ірі қара малдары мен ұсақ малдарға егу жұмыстары жүргізілуде сонымен қатар төлдерді сырғалау жұмыстары атқарылуда.

Әкімшіліктің ұйымдастыруымен демеушілер тарапынан аз қамтылған отбасыларға қаржылай және заттай көмек беріліп отырды. Биылғы жылы Созақ жалпы орта мектеп-гимназиясының бітіруші 20 жылдық түлектері әлеуметтік жағдайы төмен 1 отбасына берілетін тұрғын үйдің құрылысын жүргізіп жатыр. 2022 жылдың I-тоқсанында Созақ ауылдық округі бойынша тұрғын үй және қосалқы шаруашылық жүргізу үшін 13 адамға жер учаскесі беріліп 6 жаңадан тұрғын үй құрылысы басталды. Осы жылы конкурс нәтижесімен ауылшаруашылығы мақсатында 5000 га жайылым, жер ауданның арнайы жер қорынан пайдалануға берілді. Сонымен қатар мақса-

дық каналының құрылысы қайта жаңадан салынып толықтай аяқталды. Қазіргі таңда аталған құрылыс нысанына су жіберіп тексеруден өткізілді. Созақ ауылы Өткелбаев көшесінің бойынан Спорт денсаулық сауықтыру кешенінің құрылысына «КАТКО» БК ЖШС демеушілігімен 17 млн теңгеге сметалық қорықталған құрылыс жұмыстары атқарылып жатыр. Созақ ауылы Өткелбаев, Науайы көшелерін жарықтандыруға смета жасалып қаржы бөлінді. Ағымдағы жылдың II-тоқсанында құрылысы басталады. 2022 жылға Ыбырай елді мекеніне 200 орындық Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебінің және Созақ ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің ғимараттарының сметалық жобалық құжаттары жасалып қаржы бөлу жұмыстары қарастырылуда. Созақ ауылының Өткелбаев көшесінен үлкен футбол алаңының құрылысына сметалық құжат жасалып, облыстық бюджеттен қаржы бөлу келісілді. Созақ ауылдық округі бойынша Көктөбе, Ыбырай елді мекендерінде 238 жеке тұрғын үй 100% ауыз сумен қамтылып, Созақ ауылында 16 тұрғын үй 185 адам ауыз су құбырын пайдалануда. Созақ ау-

таңда Көктөбе елді мекеніне 6 көшеге, Созақ ауылы Жаңа құрылыс №4 көшесіне 880 метр асфальт төсеуге мемлекеттік сатып алу жарияланды. Демеуші есебінен Рысбек көшесінің 550 метр жол бөлігіне қиыршақ тас төселді. Сонымен қатар облыстық маңызы бар Шолаққорған-Созақ, Созақ-Қарағұр тас жолын қайта жөндеу құрылысы басталуда. 2022 жыл басынан бері Созақ ауылына кіре беріс тас жолының бойына Созақ мектеп гимназиясының 40 жылдық бітіруші түлектері және Науайы атындағы мектебінің 20 жылдық бітіруші түлектерінің демеушілігімен жалпы ұзындығы 200 метр жол бойы қоршалып шырша ағашы егілді. Округ бойынша жеке тұрғын үйлер, шаруа қожалықтар жерлеріне тал көшеттері егіліп, ауыл маңындағы бұрыннан жинақталған 25 тн құл қоқыстар тазаланды. Әр аптаның сенбі күндері мекеме қызметкерлерімен ауыл тұрғындарын ұйымдастырып көше бойларын тазалауға сенбіліктер өткізіліп, әктеу сырлау жұмыстары жүргізілгенін ауыл әкімі өз есебінде баяндады.

Ұсыныстар мен пікірлер назарға алынды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» № 826 Жарлығы бойынша барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аударып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабарлар ету және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндіру, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің I тоқсан қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстары мен биылғы жылы нақты атқарылатын жұмыстары туралы ауыл әкімінің халықпен кездесуі болып өтті. Ауылдық округ әкімі Б.Есенқабалдың кезекті еңбек демалысында болуы себепті есепті ауылдық округ әкімінің міндетін уақытша атқарушы Данияр Жүсіпов халықпен кездесті. Жиынға аудандық бөлім басшылары, ауылдық округ ардагерлері, елді мекен тұрғындары қатысты. Жартытөбе ауылдық округінде 2022 жылы ауыл шаруашылық жерлерін түгелдей мақсатында тексеру жүргізілген, түгелдей жұмыстарының нәтижесімен мақсатына сай пайдаланбай жатқан 1109 гектар жер учаскелері анықталып, аудан әкімдігінің қаулысымен мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Жартытөбе ауылдық округінде 2022 жылы 4535 га егістік жерді игеру межесі белгіленсе, бүгінгі таңда 1440 га жер жыртылып, дала жұмыстары жалғасуда. 100 га бидай, 600 га арпа, 200 га мақсары, 90 га

жүгері, 38 га картоп, 41 га көкөніс, 42 га бақша, 550 га мал азығы дақылдарын егуді межелеп отырмыз. Ниетті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеткізіп беруші «Ай бегім» ЖШС-гірқылы бағасы 195 теңгеден жеңілдетілген жанар-жағармаймен қамтамасыз етуде. Сондай-ақ, ауылдық округтен газ құю бекеті іске қосылып, тұрғындарға 55 теңгеден таратылуда. Алдағы аздаған уақыттың ішінде жанар-жағармаймен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Жартытөбе ауылдық округінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы ауыл азаматтарының ұйымдастыруымен жоғары дәрежеде аталып өтті. Жартытөбе елді мекенінде 1976, 1986, 1996 жылғы туылған азаматтардың ұйымдастыруымен, Бабата елді мекенінде 1982, 1983 жылғы туылған азаматтардың ұйымдастыруымен, Аққолтық елді мекенінде 1966, 1976, 1986 жылғы туылған азаматтардың ұйымдастыруымен киіз үй тігіліп, дастархан жайылып, Ұлыстың ұлы күні жасалатын-Наурыз көже берілді. Сонымен қатар ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтіп, жеңімпаздар арнайы грамоталар мен қаржылай сыйлықтармен марапатталса, ауыл өнерпаздары арнайы концерттік бағдарлама ұсынып, көрермен көнілін шаттыққа, мерекелік көңіл күйге бөледі. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2021 жылы Аққолтық елді мекенінен 75 орындық ауылдық клуб ғимаратының жаңа құрылысы басталған болса, 2022 жылдың тамыз айында құрылысын толық аяқтап,

пайдалануға беру жоспарлануда.

2022 жылы Аққолтық елді мекеніндегі Қ.Кемелұлы көшесінің бойын жарықтандыруға 8500,0 мың теңге қаржы бөлінді. Сонымен қатар, қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигонға ағымдағы жөндеу және Аққолтық елді мекенінің №2 көшесіне асфальт төселетін болады. Сонымен бірге, 480 метр жолға қиыршақ тас төсеу жұмысы жүргізілетін болады. Жартытөбе ауылдық округі бойынша барлық елді мекендерде ауыз су құбыры жүргізілген, ауыз су тәулігіне 24 сағат тұрақты беріледі. Алайда су құбырларының ескіруіне байланысты коллодид ішінде орналасқан су бұру құрылғыларын (винтел, заглушка) ауыстыруды қажет етеді. Ол мәселені шешуге тиісті жоғары тұрған орындарға ұсыныс берілген.

2022 жылдың көктемінде бастап тиісті шараларға сәйкес елді мекендер тиесілі өз аумақтарының көркейтуіне өз үлестерін қосуда. Ауылдық округ елді мекендерінде бүгінде санитарлық тазалық жұмыстарымен бірге көркейту, абаттандыру жұмыстары да жүруде. Аққолтық елді мекеніне санитариялық тазалық жұмыстары жүргізіліп, елді мекен аумағы мал өлікшелерінен толықтай тазартылды. Сонымен қатар, ауыл әкімдігіне қарасты мекемелер өз аумағына декоративті талдар мен жеміс көшеттерін отырғызды. Сондай-ақ жиында көтерілген мәселелер мен ұсыныс-пікірлер назарға алынып, тиісті шаралар түзілетін болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

АҚМАРАЛ

Осыдан бір айдан астам уақыт бұрын Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи өлкетану музейінде талантты жерлесіміз, суретші, ұстаз Ақмарал Байғараеваның айлық сурет көрмесі ашылған болатын. Қыл қалам шеберінің алғашқы көрмесі Созақ ауданының 90 жылдығы мерейлі мерекесі қарсаңында аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында өткізілген. Облыс әкімі, аудан басшылары да осы қылқалам шеберінің айшықты өнерімен көзбе көз, жақын танысқан болатын.

Ақмаралдың салған суреттері әрбір өнер сүйер жанды табиғат, ана, сұлу-

ды жеткіздім. Бізде талантты, өнерлі балалар жетерлік, солардың көзін аршып, қайнарын тазалауымыз керек. Ол үшін алдыңғы аға буын өнерлі жандардың еңбегіне қолдау жасалу керек.

Олай дейтінім қасиетті өнер деген ұлылықты өшіріп, өлтіріп алу оңай, ал тірілту, іздеп табу, қалыптастыру өте қиын. Бұрындары ауданда шығармашылық үйі деген болатын. Сол үй арқылы талай таланттар өнер өлкесіне қанат қақты. Жоғарыда аттары аталған өнерлі аға буындар сол үйден шыққан тұлғалар.

Айтулы шарада көрмеге қатысушылар



лық арқылы әсемдік пен үйлесімге толы қиял-ғажайыптарға жетелей жөнеледі.

Араға ай салып, бүгін С.Қожанов музейінде қыл қалам шеберінің көрмесінің қорытынды шарасы өтті. Музей қызметкерлері, мектеп оқушылары, Ақмаралдың әріптестері қатысқан шара тартымды өтті.

Ауданымызда осы күні көзі тірі, мақтаныш көретін бірде бір Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі жоқ екен. Әйтпесе Ғылым Маймақов, Айбек

қылқалам шеберіне жылы пікірлер мен ризашылық алғыстарын білдірді. Музей директоры Ниязәлі Дүйсенбеков музей қызметкерлері атынан өнерпаз қарындасыма сый-сияпат жасаса, Ақмарал да «сыйға сый, сыраға бал» демекші музейге өзінің атақты танымал дүние туындысы «Созақ үні» шығармасын тарту етті. Мен Ақмаралды мектеп қабырғасынан бері кластас ретінде білетінмін.

Қарапайым еңбек адамдары отбасында дүниеге келген Ақмарал мектеп қабырғасында жүріп-ақ сурет салатын. Карандаштардың атын, түрін, оның түрлі сорттарын, техникалық стандарттарын жатқа білетін және қолдану ерекшеліктерін де ажырата алатын. Ал біз үшін оның бәрі бір «қара қалам» болатын. Түрлі этикеткаларды, конфеттің қағаздарын, газет-журнал қиындыларын дәптерінің арасына сақтап жүретін. Мектеп қабырғасында шығатын қабырға газетінің редколлегия мүшесі болды. Оқушы кезінде сол бір гана балалық арманы ретінде суретшілікті таңдап мектепті бітірді, бойжетті, кейін жоғары оқу орнының көркем сурет факультетін бітірді. Әлі де сурет саласында отыз жылдан бері ұстаздық етіп келеді. Ол мамандығын мақтаныш тұтатын бақытты өнер иесі. Ендеше Ақмаралдың дәрісінен алдағы уақытта мықты шәкірттер тәрбиеленіп шығуы заңдылық деп білеміз.



Дүкенбаев, Сәрсен Көлшікбаев, Ақәділ Атаханов, марқұмдар Мәмбет Уәли мен Ғасыр Әмет сияқты Созақ сурет өнеріне қолтаңбасын қалдырған, қалдырып жүрген өнерлі суретшілер баршылық болатын. Алайда одақ мүшелігіне қабылданбауы көңілді алаңдатады. Жалпы, бұл мәселені біле жүрсін деп, осы өнер адамдарының қолдайтын, басын қосып, жанашырлық танытатын Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестік пен мәдениет бөлімінің басшыларына құлаққағыс етемін. Шара барысында музей басшыларына бір ауыз ұсыныс пікірімді де айтып өттім. Ол пікірім Ақмаралдың көрмесін жалғастырып жоғарыда аттары аталған суретші, мүсінші, ағаш шеберлерінің көрмелерін өткізсе, марқұм болған азаматтардың жұмыс орны, ауыл әкімдігі жоқшысы болып табылса, биылғы жылды Президентіміз балалар жылы деп жариялауына орай жас суретшілер көрмесі, жас шеберлер байқаулары өткізілсе деген ұсынысым-

АҚМАРАЛҒА

*Көктемдегі алқызыл гүлдер,
Көктемдегі айлы бір түндер.
Ақмаралдың қыл қаламымен,
Жасаң тартып ерекше түлдер.*

*Қызыл, сары, көкішіл бояулар,
Таңғы шықпенен көктем оянар.
Қырмызы қыл қаламымен,
Кейіпкер кенеп әсем боянар.*

*Дала, таулар, сайын даламды,
Ескі менен жаңа заманды.
Суреттейді Ақмарал ару,
Қолына алып қылды қаламды.*

*Қолына алып қылды қаламды,
Оймен шарлап бүкіл ғаламды.
Әрбір сурет Ақмарал салған,
Шымшылайды ми мен санаңды.*

*Табиғатты жанымен сүйген,
Тылсым сәтті қаперге түйген.
Созағымның өнерпаз қызын,
Бүгінде бүткіл Алашым білген.*

М.ЖЕҢІСҰЛЫ.

Жағымды жаңалық!



Суретші рухына зор құрмет көрсетілді

Сәуір айының алғашқы онкүндігінде Қазақстанның этнодизайн саласының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, профессор Аманжол Найманбайұлының құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Аманжол Найманбайұлы - мұражай ісінің хас шебері, профессор, Мәдениет қайраткері. ҚР Дизайнерлер Одағының вице-президенті 1987-2003 ж.ж. ҚР Дизайнерлер Одағы Алматы филиалының төрағасы 1991-2003 ж.ж. Түркістан қаласы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының Құрметті азаматы, «Этнодизайн Қазақ 2030» мекемесінің басшысы болды.

Еңбек жолын қарапайым суретшіден бастаған ол, әр жылдары «Қазсауда жарнама» көркем-өндірістік комбинатында суретші, Мәдениет министрлігінде «Қазмұзейкайтәжәндеу» өндірісінде бас суретші, ҚР Дизайнерлер Одағының вице-президенті, «Этнодизайн Қазақ» ЖШС-нің директоры, еліміздегі алғашқы қоғамдық қорлардың бірі-«Нәзір Төреқұлов» Халықаралық қайырымдылық қорының президенті қызметтерін абыроймен атқарды.

Аманжол Найманбайұлы Қазақстан Дизайнерлер Одағы құрылған күннен бастап этнодизайн секциясын басқарып, осы өнерде негізгі шығармашылық өзегі-дизайн саласында қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын насихаттау, оның өрлеуі мен дамуына даңғыл жол ашты.

Сонымен қатар, бүгінгі жаһандану заманында халқымыздың ұлттық болмысын сақтап, елдің рухани дамуына ерекше үлкен мән бере отырып, ұлт өркениетінің озық туындысы – киіз үйді ұзақ жыл зерттеп, бүгінгі заманға сай жаңғыртып, заманауи сипатта әр беріп жарақтауға мұрындық болды.

Айта келе, көмеңгер сәулетші 40 жылдай еңбек етіп өзінің ұзақ жылдық шығармашылық жолында 50 – ден астам жобалардың, республика музейлерінің экспозициясын жобалау мен оларды қайта жабдықтаудың алғашқы авторы болды.

Оның ерен еңбегі қазақ этнодизайны мен отандық сәулет өнерінің жарқын беттерін құрап, рухани мұра қатарынан орын алды. Сәулетшінің өнегелі өмір шежіресі ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу ісінде өнегелі парызы болып

өтті.

Даңқты жерлесіміздің құрметіне қойылған мемориалдық тақта Алматы қаласы, Міржақып Дулатов көшесі 35-ші үйдің маңдай қабырғасында тұр. Бұл тек ғана суретшіге ғана арналған құрмет емес, бұл бүкіл қазақ өнеріне берілген баға деуге болады. Ұлттық этнодизайн өнерінің майталманы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, профессор Аманжол Найманбайұлының құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне Алматы қаласы әкімінің орынбасары Қырықбаев Арман Оразбайұлы, Еңбек Ері, КСРО Халық артисі Әшімов Асанәлі, Жазушылар Одағының төрағасы, Есдәулет Ұлықбек, Ақын, қоғам қайраткері Темірхан, Медетбек, Оразалин Нұрлан, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты. «Парасат» орденінің иегері. ҚР еңбек сіңірген қайраткері, қазақ ақыны, драматург, сазгер Сапарбай Исраил, Президент гранты мен «Парасат» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әмірбек Көпен, ҚР еңбек сіңірген әртісі. «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері Тұрысбек Секен, ҚР Еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, жырау, «Парасат» орденінің иегері Алматы Алмас және басқа қоғамымызға белгілі тұлғалар қатысты. Алматы қаласы мәдениет басқармасының басшысы Фани Майлибаевтың құттықтау сөзінен кейін Аманжол ағамыздың ағасы Тұрсынбай Найманбайұлымен бірге Фани мырза мемориалдық тақтаны ашты. Шарада ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР көркемсурет академиясының академигі Тілеуберді Бинашев, Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің Ә.Қастеев мұрасын зерттеу секторының жетекшісі, суретші, мәдениет қайраткері Еркін Нұразхан, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА-ның құрметті академигі, э.ғ.д., профессор, «Нәзір Төреқұлов» Халықаралық қайырымдылық қорының президенті Әбдіжапар Сапарбаев, Қазақстан Дизайнерлер Одағы Республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті Қамбарбек Сапарұлы, полковник, жақын досы Сатымбек Рыспаев, еңбек ардагері, бауыры Найманбайұлы Тұрсынбайұлы жылы пікірлерін білдірді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Биология пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін шыңдау



2022 жылдың 28 наурыз 9 сәуір аралығында «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты филиалында қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының биология пәнінің мұғалімдеріне арналған «Биология пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін шыңдау» тақырыбында педагогтардың біліктілігін арттыру

дың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері. Бұл модульде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру шеңберінде биология мұғалімдерін даярлаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған. Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру. Бұл модуль оқушылардың ғылыми – жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруда мазмұнды, оқыту мен оқу әдістерін жетілдіру мәселелерін; білім сапасын бағалау мен өлшеудің квалиметриялық әдістерін қарастырды. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту. Аталған модуль білім беру процесінде цифрлық білім беру ресурстар ортасын құруға, оқушылардың білімі мен дағдыларын бақылау үшін көп функциялы қосымшаларының мүмкіндіктерін пайдалануға бағытталған. Білім беру үшін Microsoft Team және Office 365 қосымшалары көмегімен қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру, биология пәні мұғалімдерінің



курсы өтті. Курс барысында білім берудің жаңа үлгісі талаптарына сәйкес оқушылардың функционалдық ғылыми–жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктері дамыды. Айта кетсек: PISA халықаралық зерттеулері аясында пәнді оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері бойынша білімдерін өзектендіру; Жаңа білім үлгісі талаптарына сәйкес оқыту және оқудың тиімді әдістерін қолдану дағдыларын дамыту; Сандық білім беру ресурстарымен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Сондай-ақ білім алушылар функционалдық ғылыми – жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша практикалық білімдерін көтерді. Оқу және оқытудың тиімді әдістерін оқыту үдерісінде қолдану дағдылары дамытып, халықаралық зерттеулер талаптарына сәйкес тапсырмаларды сандық білім беру ресурстарын қолдана отырып құрастырды. Курс құрылымы 4 модульді қамтыды: Қазіргі білім беруді дамыту-

медиа-ақпараттық сауаттылығын (Google қосымшасымен жұмыс) жетілдіру амалдары қарастырылды. Вариативтік мазмұн. Модуль тыңдаушылардың қиындықтары аймағынан сұрақтарды талқылауды және мәселелерді шешуді қамтыды. Бағдарламаның мазмұнын саралау аудиторияның сапалық құрамына сәйкес және олардың жеке сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырылды. Бұл ұйымдастырылған курс пән мұғалімдері үшін өте қажетті және өзекті. Біз сияқты шалғай ауылда жұмыс жасайтын ауыл мұғалімдері үшін бұл білім көтеру, оқытуды ұйымдастыру, биология пәні мұғалімдерінің медиа-ақпараттық сауаттылығын (Google қосымшасымен жұмыс) жетілдіру амалдары курсы зор мүмкіндіктер көзі болып табылады. Сол үшін өзім сияқты ауылдағы ұстаздар атынан «Өрлеу» ұжымына және курс жетекшіміз Түгелбаева Эльмира Базарбайқызына алғысымды білдіремін.

**Айгүл ҚОСТАНШАЕВА,
Б.Батырбекова атындағы ш/ж жалпы орта мектебінің биология пәні мұғалімі.**

Ұлы Жеңіске 77 жыл

...Бір ғасыр. 100 жыл. Аз уақыт емес. Осыдан тура бір ғасыр бұрын Жартытөбе тауының етегінде, өзеннің бойында қоныс тепкен. 40-тан енді ғана асқан Сайдалыұлы Әбдінің шаңырағына қуаныш сыйлап, шексіз торсықтай ұл бала дүние есігін ашты. Екі-үш қыздың әкесі атанып үлгерген Әбдінің ұл күтіп жүргені де шындық болатын. Ел-жұрт та бірге қуанып, «құтты болсын» айтысып жатты.

Жаңа туған нәресте тағы да бір қуанышты хабар ала келіпті. Ертеңіне Күнгеіден ат терлетіп келген



қатысқан майдангерлерге арналған монументте аты-жөні қашалып жазулы тұр.

Соғыстан кейін Түркістандағы педагогикалық училищені тәмамдаған, шәкірт тәрбиелеуді өмірлік мұратына балаған, қашан өмірден өткенше, яғни 1948 жылдан 1980 жылға дейін Ш.Уәлиханов атындағы білім ордасында бастауыш сынып мұғалімі болып, үздіксіз 32 жыл жемісті еңбек етті. Сайлау көкем Жартытөбе, Аққолтық ауылдарының сол кездегі барлық баласына әріп таңытты десек, артық айтқан-

Қос майданның ардагері еді

хабаршы жігіт Әбдінің інісі Әнеттің болыс сайлауында жеңіске жеткенін сүйіншілеп жеткізді. Қырық жасқа келгенде ұлды болып, оның үстіне бір анадан өрбіген туған інісінің сайлауда асығының алшысынан түсуі қосылып, шат-шадыман күй кешкен Әбді бір шешімге келді.

Ол ұлының есімін Сайлау деп қойды. Үлкендер де, ағайын-туыс та оның бұл ойын құптап, нәрестенің шілдеханасын дәстүрге сай өткізген болатын. Бұл – сонау 1922 жылдың сәуір айы еді. (қариялардан естігеніміз бойынша).

Уақыттан жүйрік не бар, содан бері де зымырап жүз жылдың жүзі болыпты. Бір ғасыр бұрын жарық дүние есігін ашып, тал бесікке тербелген Сайлау көкеміз өмірдің ащы-тұщысын бір кісідей татып, тағдырдың маңдайына жазған қызығы мен қиындығын қатар көре 58 жыл ғұмыр кешті. Бақилық болып, жер бесікке тербелгеніне де 42 жыл өте шығыпты. Енді бозбала атанып, түбіт мұрты тебіндей бастаған шағында сұм соғыс басталып, 20 жастағы өрімдей жас кезінде майданға аттанды. Өзімен бірге кеткен бауыры Мұхтар сол кеткеннен елге оралмады,

дық емес.

Алғашқы «А» деген әріпті үйреткен оқушыларының алды бүгінде 80-нің сеңгіріне шығып отыр. Ең соңғы сабақ берген шәкірттерінің өзі бүгінде 50 жастан асып барады.

...Осы мақаланы жазу барысында Сайлау Әбдіұлы ұстаздың алдынан білім мен тәрбие алған шәкірттерімен түскен фотомен бөліскіміз келеді.

Майдангер ұстаздың алдында тәлім алған шәкірттер еліміздің сан түпкірінде еңбек етуде, араларында ғалымдар мен қызмет иелері де бар. Көкеміздің шәкірттерінің ішінде ол кісінің жолын қуып, ұстаз атанғандардың да біразы зейнетке шығып үлгерді, біразы әлі киелі шаңырақта немесе басқа білім ұяларында қызмет жасауда. Ш.Уәлиханов атындағы мектептің ұжымы майдангер-ұстаздың еңбегін ұлықтау мақсатында оқу кабинетіне есімін беріп, фотосы мен өмірбаянын терге іліп қойды. Отыз жылдан аса отасқан жары Нысанбекқызы Бибіжан анамыз екеуінен өрбіген ұл-қызының ұрпақтары аталарын үнемі есте ұстайды, мақтаныш тұтады. Өзі еңбек еткен білім ордасында қазіргі таңда шөберелері: Ернұр, Бекнұр, Мұхаммедәлилер



Оқушыларымен. 1959 жыл.

соғыста хабар-ошарсыз кеткендердің тізімінде қалды.

Сайлау Әбдіұлы майданда Псков, Великий Лук, Люберцы т.б. жерлердегі ұрыстарға қатысып, екі рет жараланса да, соғыс алаңына қайтадан оралып отырған. Үш жыл бойы ерлікпен шайқасып, түрлі дәрежедегі орден-медальдармен марапатталған. Қазіргі таңда Шымкент қаласындағы соғысқа

білім алуда. Шағын мақаланың соңында Әбдіұлы Сайлау сияқты майдангер-ұстаздарды ұдайы еске алып, есімін ардақтап отыру ұрпақтың міндеті, борышы дегіміз келеді.

**Тұмартай ДІНТАЙҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар және журналистер одақтарының мүшесі.**

Өткен жылы аудандық басылым бетінде «Алып анадан туады» деген айдармен Созақ ауданында өмірге келген шығармашылық, қоғам және өнер қайраткерлерінің аналары туралы циклді материалдар жариялаған болатынбыз. Онда Жаппас, Сүгір, Сәуірбек, Төлеген, Асқар, Тәкен сияқты ұлықты тұлғаларымыздан бастап шамамыз келгенше түгел қамтуға тырыстық. Аталмыш айдарымыз көпшілікке ұнаған болуы керек бірнеше белсенді оқырмандарымыз хабарласып қолдау білдірді. Енді сол оқырмандардың сұрауы бойынша тағы да жалғастырып отырмыз. Сол ұлылардың жалғасы іспетті бүгінгі кейіпкеріміз мұхиттың арғы бетіндегі Америка төрінде әуелете ән салған, жерлесіміз, композитор Марат Омаров пен оның аяулы анасы Сұлхан апамыз туралы болмақ.



Бүгінде ол әлемдегі барша анаға арналған әнге айналды деп айта аламын. Мектепте оқитын кезімде Шәмші Қалдаяқовтың ана туралы әндерін орындайтын едім. Жаныма осы әндер жақын болды. Содан шешем менің өнерге әуестігімді көріп, баян сатып әпергені бар. Екінші сыныпта оқып жүргенде Шәмші ағамыз Шымкентке келіп, ол кісінің алдында өз әндерін орындап бергенімде, ризашылықпен батасын беріп: «Шіркін-ай, ауылдың осындай қара домалақ балаларын өнерге баулитын жер-жерлерде музыка мектептері ашылса ғой?!», дегені есімде. Сол кезде санама осы кісінің жүрегінде дархан қазақтың кең даласындай анамды жырлап өтейінші деген ой келді. Осы идея маған шабыт берді. Содан осы әуеннің сөзін кімге жаздырарымды білмей телевизиядағы ақындарды жағалап жүргенмін, сол жерде Құсман Игісінов деген ағамыз: «Қайрат Жұмағалиев деген ақын бар. Қазір ол кісінің де анасы 94 жастан асып кетті. Ол да әкесінен ерте айырылып, жалғыз анасының қамқорлығында өскен. Саған өлеңін жазса сол жазып береді», деп кеңес берді. Сөйтсем, ақын ағамыз да теледидарға бір телеочерктің

Анасымен бір күнде дүниеге келген

Марат Омаровтың есімі бізге мектеп қабырғасында жүргенде таныс бола бастады. Ол уақытта бүгінгідей жылдыздар қаптап кетпеген кез. Қазіргідей есімінен есің кетіп жаңылысатындай әнші деген көп емес. Санаулы. Әрі бәрі де жанды дауыста, ансамбльдердің сүйемелдеуімен айтатын. Содан да болар миллионнан біреуі ғана әнші бола алатын. Атына сырттай қанық болып жүрген әнші ағамызбен сонау 1995 жылдары Марат ағамның туысы, сазгершолақорғандық Балаубеков Махмұт ағамыздың үйінде дастархандас болғаным бар. Ауданға концерт қоюға келген екен. Онда Сұлхан апам бар. Түннің жарымы ауғанша апамыздың әсерлі әңгімесін тыңдап қайтқаным бар.

Содан бері арада ширек ғасырдан астам уақыт өтіпті. Жақында әнші, сазгер Марат ағамызбен «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» замананың құрылғыларын пайдалана отырып алыста-жақын Алматымен байланысып әңгімелескен едім.

Менің анам Сұлтанқызы Сұлхан 1926 жылы 15 сәуірде киелі Түркістан шаһарының іргесіндегі Шоқтас ауылында дүниеге келген. Әкесі жетімдер руынан шыққан Сұлтан деген көзі ашық, көкірегі ояу азамат болған. Ол кісі 17 жыл әр аудандар мен қалаларда, қалалық, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған. Оның ішінде Созақ ауданында да милиция бастығы болып қызмет еткен екен. Анамның анасы Зұлфия деген әжеміз бала тәрбиесімен, үй шаруасымен болған. Бізге жиі айтатын ақылы «үлкендердің алдын кесіп өтпе», «әрбір нәрсені ойланyp істе», «арман мақсатыңа жету үшін аянбай еңбектен» дейтін. Ол кісі Ұлы Отан соғысы басталғанда пошта қызметкері болып жұмыс істеген. Сол пошта арқылы әр шаңыраққа қайғылы да, қуанышты да хабарды анам жеткізіп отырған. Ол кезде көп адам әріп танымайды. Мектепте оқитын анам майданнан келген хаттарды оқып, көп үйдің майдандағы жауынгер ұлдарына хат жазып береді екен. Қайғылы хабарды жеткізу үшін де қайсарлық керек. Анам кішкентай кезінен сондай қиыншылық көрді, сонда да болса ол өнерді өте жақсы көретін. Ол бала кезінен мандолинада ойнайтын. Қызылордада тұңғыш театр ашылған кезде оны актриса ретінде шақырған екен. Сонда Сұлхан атам «жалғыз қызымды жібере алмаймын» депті. Әйтпесе, бүгінде ол Бибігүл апарларымыздың қатарында жүрер ме еді?»,—дейді сазгер іштей тебіреніп. Марат Омаров ағамыз бес ағайынды болса, әнші үйдің кенжесі екен.

—Әкем мен бір жаста болғанымда

дүниеден озды, оны көрген жоқпын. Бірақ жұрттың айтуынша, әкем домбыра шертіп, анам мандолинада ойнап, кез келген кештің көркі болған екен. Анам әке орнын жоқтатпай бізді бағып-қағып мәпелеп өсірді.

Анам аудан орталығындағы дүкенде, кейін Шымкент қаласындағы «Фантазия» дүкенінде, қырғы базарда сауда нүктелерінде жұмыс жасады. Әкеміз көзі тірісінде өнер адамдарымен сыйлас болды. Төлеген Момбеков, Файзулла Үрмізов, Есіркеп Өмірбековтер үйге жиі келіп әңгіме дүкен құрысатын. Шымкентке көшіп барғанымда да сондай Түркістаннан нағашыларым, Созақтан ағайындар жиі келуші еді. Алматыда Қайрат Жұмағалиев, Шәмшібай Сариев, Қадыр Мырзалиев, Мұхтар Шаханов, Тұманбай Молдағалиев сияқты аға-көкелерімізбен жақсы қарым қатынаста болдық. Ол сыйластықтың барлығы да анамыздың жылы сөзі, ыстық ықыласы, мейірдандылығынан туған қоңақжайлық қасиеті еді. Менің ең алғашқы концертім болды. Сол уақыттан бастап менің №1-ші тыңдауым анам болды. Ол кісі барлық концерттерінде тек алдыңғы қатарда отырып тыңдайтын. Сонда анама сөз кезегі келгенде «Марат балам тек менің ғана балам емес, халықтың баласы екен!» деген сөзін халық көтеріп әкетті. Концертке қоңақ ретінде қатысып отырған белгілі мәдениет қайраткері Асқар Тоқпанов көкеміз: «Марат балам нағыз махаббаттан жаралған бала екен. Ол махаббат анасы мен әкесінің ақ адал махаббаты. Марат балам тек қазақ елінің ғана емес, бүкіл әлемдегі ақ нәсіл, қара нәсіл, сары нәсілдер мойындаған Дәуір пайғамбардың елі танитын өнерпаз азамат бол!» деп бата берген еді. Сол батасы қабыл болып Америка еліне барып концерт қойып қайттым. Батаның құдіреттілігі деген сол болар.

Әнші-композитор, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Марат ағамыз да анасы Сұлхан апамызбен бір күнде—яғни, анасының туылған күнінен араға 23 жыл салып 1959 жылы 16 сәуір күні дүниеге келген. Балалық бал дәурен шағы ауылда өтті. Шолақорғандағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірді. Шымкент облысы филармониясында «Ауылым—әнім» ансамблінің әншісі болды. Әл-Фараби атындағы Мәдениет институтында оқыды. Қазақ телевизиясында музыка редакторы болды. «Наурыз» шығармашылық қорының «Балаларды дамыту» қорын ашты. Астана қаласында Президент оркестрінде және филармонияда қызмет жасады. «Балбөбек» қалалық байқауын

ұйымдастырды. «Жігер-87» фестивалі, «Ыстық көл-89», халықаралық «Бұқара-90», Шәмші Қалдаяқов атындағы республикалық байқаудың, «Азия дауысы-95», «Алтын диск-97» (Стамбұл), Франциядағы «Достық әндері» фестивалінің (2002), «Каир-2003» (Мысыр) халықаралық байқауларының лауреаты. Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі. 2000 ж. Лос-Анжелес қаласындағы «FIDOF» Әлемдік композиторлар ассоциациясына мүше болып қабылданды. «Анашым», «Әке арманы», «Қыз сыны», «Сыңарым», «Әнші балапан», «Қоштасқым келмейді», «Арман қала—Астана», Мекке-Мәдине», «Наурыз» және басқа да көптеген әндері бар.

Марат Омаровтың репертуарындағы ең танымал әндердің бірі—«Анашым». Әндегі «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген тіркес ел аузында. Бұл 1988 жылы болса керек. Бір күні анам мені екі сөмкемен Алматыға іздеп барған. Мен ол кезде «Сазген» фольклорлық ансамблінде жұмыс істеп жүрдім. Бірнеше ай көрмеген шешемді сағынып жүрген кезім болатын. Қапшағайда режиссер Әзірбайжан Мәмбетовтің «Жаушы» дейтін фильміне түсуге кеткенмін. Мен жатақханада болмаған соң, анамды менімен бірге тұратын балалар қарсы алған ғой. Анам «Сендер де менің балаларымсыңдар ғой» деп, екі сөмкесін ашып, дастарханды жайып жіберген. Жатақханада аш жүрген студенттер ауылдың қазықартасын, бауырсағын жеп, қымызын ішіп, мээ-мейрам болған. Мен бір аптадан кейін оралғанымда, анам кетіп қалыпты. Жатақханадағы балалар алдыман шығып, «Марат, анаңды көрдік. Өз анамызды көргендей қуанып қалдық» деді. Бөлмеме кірсем, кішкентай сөмке тұр екен. Оның ішінде киім-кешек пен әкемінің суреті жатыр. Түннің бір уағы болды, ұйқым келмеді. Жастықтың астын қарасам, хат жатыр. Онда «Әкеңнің басыңнан сипағанын көре алмадың-ау, балам. Сағынып келгенімде, сені таба алмай кеттім» деп жазылған. Оқып отырып, көзімнен қалай жас шыққанын байқамай қалдым. Сөйтіп, бөлмедегі күйсандыққа отырғаным, сол кезде «Анашым» әні жарық көрді. Жалпы бұл ән өз анама ғана емес, барша аналарға арналған,—дейді ана әлемін ардақтай білетін азамат тұлға.

—Қазақтың даласы қандай кең болса, анамның таза жүрегі, пейілі ақ, сезімі сондай кең деп жырладым. Сол әнім менің анама ғана емес, бүкіл ақ жаулықты анаға арналды. Анам—осы әннің афоризмі. Жақында АҚШ-қа сапарымда сондағы адамдар да менің осы әнімді айтып, анам туралы сұрады. Мен бұл әнді көп елде орындадым.

сценарийін жазып әкелген екен. Қысқасы, сол жерде танысып, Қайрат ағамызға қолқа салып, сөзін жаздыртып алдым. Ән үлкен сахнаға қалай жолдама алды?—десек, сол жылдары «Тамаша» ойын-сауық отауында әнші Нұрлан Өнербаев өнер көрсетіп жүрген болатын. Достар өзіміз оңаша отырғанда, ішінде Нұрлан да бар, осы әнді орындаған едім. Не керек, «Тамашаға» жаңа ән керек болып, содан «Анашым» әнін Нұрлан Өнербаевқа бердім. Одан кейін оған «Әке арманы» деген әнімді де бердім,—деп еске алады сазгер аға. Осылайша Марат Омаровтың жүрегінен шыққан ән халықтың да жүрегіне жеткеніне баршамаз кұеміз. Не десек те, Марат Омаровтың осы әні ғұмырлы болды. Қазақ, орыс, ағылшын, италиян, түрік, араб, өзбек тілдерінде айтылып жүр. Марат ағамыз Қазақстан мен АҚШ-тың мәдени арақатынасының жандануына зор үлес қосып жүрген өнер иесі. Осы уақытқа дейін Нью-Йорк, Филадельфия, Чикаго, Майами, Сан-Франциско, Сан-Диего, Хьюстон, Нью-Джерси, штаттарында, Голливудта жеке әнкешін өткізіп келді. Техас штатына 3,5 мыңға тарта қазағы бар «Шаңырақ» деген қоғамның шақыртуымен «Анашым» және «Наурыз» әндерімен барып қайтты.

—Осы сапарлардан оралған кезде сонау ертеректегі алғашқы ән кешімде Асқар Тоқпанов көкеміздің берген батасы есіме түсті. Жарықтық әулие кісі екен!—дейді Марат аға үнсіз қалып.

Жаннаттың төрін анасының табанының астынан тапқан талантты композитор осы күнге дейін 300-ге тарта ән жазса, көбі—елге, жерге арналған патриоттық тақырыпқа жазылған шығармалар екен. Анаға деген шексіз құрметтің үлгісін көрсете білген ардақты асыл ағамызға әрқашанда амандық пен шығармашылық табыстар тілейміз. Жақында Дүниежүзілік Біріккен Ұлттар Ұйымы ел мен елді достастыру, халықтар арасындағы татулық пен ынтымақты дамыту жолындағы ерен еңбегі бағаланған Марат ағамызға мәдениет елшісі деген атақ бергенін де жерлестерімізге сүйіншілейміз!

Иә, даңқты жерлесіміз туралы жазылатын, айтылатын әлі де дүниелер көп. Десе де Жарықтықтар Әбді көкеміз бен Сұлхан апамыз көктемнің шырайлы күндері дүниеге келіп, көктемнің шықты күні жалған өмірден ақиқи өмірге аттанған екен. Көктем деген көл көсір қуаныш пен қайғыны қатар сапыратын сарала мінез шақ екен-ау! Аяулы ана, ән ана Сұлхан Сұлтанқызы 2020 жылы 95 жасында өмірден озды.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Кіші қажылық, Мекке-Мәдинаға сапар

(Соңы.
Басы өткен санда).

Тәуап Қағбаға

Аллаға құлшылық қылып тұрып көзіңе жас алып жыласаң ол айыпқа жатпайды. Өткен өмірінде жасаған күнәңді ойлап кешірім сұрап жыла, дертіңнен айығуды сұрап жыла, Аллаға жалбарынып алдағы өмірінде азапты бейнет бермеуін сұрап жыла. Алланың алдында күнәмді мойындап, қорқып жыла, Алла көз жасыңды көрсе, мейірімі түсіп, ниет тілегіңді қабыл етер. О дүниелік болған ата-анаңның жаны жаннатта болуын сұрап жыла бұл күнә емес. Егер көз жасыңды төгіп, Алладан тілегіңді қайырлы болуын тілесе, бұл пендеге айып емес. Көз жасын шығарып жылаған осы тілегін Алла қабыл қылсын. Жас шығарған көз өзі тозақ отынан сақтайды. Алла тілек дұғамызда қабыл етсін, жолымызды оңғарсын, отбасымызға аман-есен барып қауышуымызға жазсын.

Зәм-зәм суы

Ол Алланың ғажайыппен жаратқан су көзі мыңдаған жылдар бұрын, Исмайылдың Пайғамбар аяғының астынан басталған зәм-зәм құдығы қара тастың шығысында орналасқан және одан қашықтығы 20,60м зәмзәм ұңғысының тереңдігі 30,5метр. Қасиетті Меккенің өмірі жылдар бойы суға тәуелді болған. Қаладан үлкен жолға түсіп жүріп келеміз, таудан да шыға бастадық, алдымыз жазық жолы тегіс тастарды жарып тегіс қылып салған даласында шөп, бұта көрінбейді. Жері құм шауыт, таулары да жалаңаш, тапырағы қызғыш боп көрінеді кей жері. Бір жерде кішкене төбе үстінде бір топ тал тұр, ол жерде су көзі бар- ау сол маңнан 5-6 ешкі, бір жерден 3-4 нар түйе көрдім. Анда-санда тарбиған аласа талдар көрінді, басқа ештеңе байқамадым. Бір жерде жол бойында біраз маймылдар кездесті, жолдың бойында тізіліп отыр. Жол бастаушымыз «бұлар осы жерді мекен қылады, ар жағында сай бар сондағы тастарды мекен етеді екен, не бір қиындықта бұлар алаң болады екен, өтіп бара жатқан жолаушылар бұларға нан, жемістер тастап кетеді. Олар соны қорек қылады»-деді. Адам сөнгісіз айдалада қалай өмір сүреді, тал атаулы жоқ, бұл да болса Алланың құдіреті шығар. Жол ортасына келдік- ау алдымыздан үлкен үй көрдік. Айналасы қоршалған сол үйге келіп тоқтадық. Бұл жер аялдайтын намазхана екен, түсіп дәрет алып, намаз оқыдық. Шайханасы бар содан шәй, кофе, нан алып, тамақтандық. Алдында адамдар жеміс сатып тұр, біраз дем алып қайтадан жолға шықтық. Жүріп келеміз, кеш болды. Бір қалаға кірдік, сәнді жинақы қала екен. Бір үлкен мешіттің жанындағы қонақүйге алып келді, бөлініп- бөлініп қонақүйге жайғастық. Мекке мен Мединаның арасына бес сағаттай жүрдік- ау, 600 шақырымнан асады- ау деп ойлаймын. Тез-тез жайғастық, ол жерде де жақсы қарсы алды. Сусын, құрма беріп жатты. Рахмет! Алланың нұры жаусын дедім, намаз оқуға мешітке бардық, үлкен мешіт екен, сыртта да іште де намаз оқитын жер сайлап қойған. Сыртқы алаңда бөліп тастаған іші- сырты самаладай жап-жарық күндізгідей екен бұл жақта. Жеріне көгілдір мрамордан

тас төсеп тастаған іші сыртына. Ақшамды оқып, тамақ ішуге қайтып келдік. Қонақ үйіміз мешіт қоршауының іргесіне жақын, Құптан намазын оқып жаңа қонысқа келіп, жатып дем алдық. Алланың қалауымен Мәдинаға келіп жеттік. Пайғамбарымыз ниет-тілек дұғаларымызды, тағы шақыруын, сәлем жолдауын тілеп, дұға жасадық. Мыңдаған шүкір Аллаға, мыңдаған мадақ тілейміз. Мәдина шаһары Пайғамбар ғұмыр кешкен мекен. Пайғамбар құрма бағында істеп жүрген уағында зиярат қылуға келеді, уа балалардың қуанышы Расуллуллаһ келді. Расуллуллаһ келді деген дауыс шығады адамдардың арасында келе жатады, уа біз күткен пайғамбар келді деп, бәрі қуанышта болады. Бұл қала Мәдина қаласы пайғамбардың мекен еткен жері екені исламда белгіленген. -Алланың қалауы болған жер қадір- қасиетімен жер қажылар шаһарға қош келдіңіздер. Әуелі Алла ниет тілектерің қабыл болсын, Пайғамбар жатқан қабірстанға барып дұға жасаңыздар,- деді имамдар. Нұрлы Мәдинада жүрген кезімде мұнда да адам жүрегіне қандай да бір жылылық орын алады екен. Бір әсер қалдырады айттып жеткізу қолымнан келетін емес, Мәдина тарихи қала екен. Пайғамбарымыз Ұқыт тауындағы сахабалар қайтыс болған жерге өз қолымен іргетасын қалап, үлкен мешіт салуға араласады, Құба мешіті салынады. Бұл жер қасиеті мол тілегіңді қабыл алатын әсіресе кіші қажылық осы жерде болғаны керек екен. Қолымыз босаған кезде Пайғамбар мешітінің іші сыртын араладық, өте үлкен мешіт. Түстік жақ шетінде Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) зираты жатыр, оған кіріп дұға жасаудың өзі бір қиын. -Тұмауың барма жоқпа?- деп құжатты тексеріп тұрған әскерилер адамдарды аздап жіберіп тұр. Айналасын жылжымалы шарбақпен қоршап қойған. Баратын жолын тар қылып зартып қойған, кіре алмағандары есік алдына барып дұғасын оқып, тілегін айтып жатыр. Мешіт ішіндегі қабырға жағында адам жүдә көп, намазын оқып жалбарынып жатқандар. Хазіреті Пайғамбарымыз дүние салғаннан кейін біздің ғасырымызға дейін қаншама адам өзін Пайғамбармын деп жариялап жүрді. Көпшілігі Иса пайғамбармын, масихпын деп, жариялады. Бірақ олардың сөздерінің бірі де ұнамады, көпшілікті өзіне аудара алмады. Себебі біріншіден Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар ең соңғы пайғамбар еді. Бұдан кейінде ешқандай пайғамбар келмейді,-деп түсіндірді молла қажы. Мәдинада үш күн болдық. Уақытылы намаз оқып, бос уақытта қаланы жаяу араладық. Шамалы жерде құрма базары бар екен, құрманың түр- түрі сонда екен басқа жерден арзан, хажылар ауылға сәлемдеме деп, жетердей алып жатыр. Енді сәлем- сауқат алып жатырмыз, біразын Меккеде алғанбыз заттары арзан, қаланы аралап көрдік, сәнді, таза, көпқабатты үйлер шағындап жеке тұрғызып 15-20 қабаттан кем емес. Көше бойында жарнамалар көзіме түспеді, тек маңдайшасында ғана жазылған. Баратын жердің бәрін аралап болдық, мешітте боламыз. Ниет-тілегімізді жолдап, Пайғамбарымызға дұға жасап, сәлем жолдаймыз. Тілегімізді қабыл алып, келмегендерге келуге сәлем жолдап, Аллахтың елшісі Мұхаммед Пайғамбарымыз деп, тілек тіледік, қабыл алып, сәлем жолдағаны дұрыс деп, ойлаймын. Бұрынғы заман емес Сүйіндік жырау, Құнанбай болыстай ұзақ жол жүріп, арып ашып бар-

майды қазір, ұшақпен тура бағытпен 5-6 сағатта барады. Алла жолды оңғарсын, шақырсын елшісі пайғамбарымыз сәлем жолдасын деп тілейік. Елге қайтатын уақытта жетіп келді, түнгі үште тұрып, дәрет алып, жүгімізді сүйретіп келіп міндік. Әуежайға жетіп құжаттарды жүктерімізді тексерді темір затын алғызбайды екен. Бамдат намазы уақыты болды намазханада оқыдық, бәрі жиналып ұзын залға келдік, жүгімізді өлшеп, 23 келіден асып кеткен адам басына бір бақлашка су берді. Сол ұзын тар залмен жүріп отырып, ұшаққа бірақ кірдік, Я Алла жолымызды оңынан бер елімізге аман жетейік деп отырдық. Ұшақ жайлы Шымқалаға сағат 3-те қондық, бұған да шүкір, бала-шаға тегіс келіп, қарсы алды. Сөйтіп бес парызды абыройлы атқарып келдік шүкір. Бір сұраққа болған оқиға туралы айтылды.

Бір жігіт Меккеге бару үшін қаржы жинап жеті жыл армандапты, жылда бір себептермен жолы болмай қала береді, бір кәсіпкер естіп жетпей жатқан ақшасын мен берейін деп жәрдемдесіпті. Жеті жыл бойы дайындалып барлық дұғаларды жаттап алыпты. Шын пейілмен дайындалғаны соншалық, барам деп, ынтыға түседі, ләппай қадам бастап күллі дұғаларды жаттап алады, ол заманда автобуспен Алматыға барып ұшақпен барады екен. Содан Аллалап жолға шығады, жарты жолда аялап, тамақ ішетін жерге тоқтайды, бәрі түсіп әжетханаға барып, жолдың арғы бетіне шыпақшы болып жолдың арғы бетіне өте бергенде қатты келе жатқан көлік қағып кетеді. Біраз жерге дейін ұшырып жібереді, аяқ қолдары сынып күл- парша болады, адам қайтыс болар алдында қорылдайды екен, жаны алқымға келген кезде, анау қорылдап жатып бір нәрсені айтып жатады, барып тыңдасақ Ләббайк Аллаһума ләббайк-ті айтып жатыр екен. Жүрекке сіңіп кеткені соншалық Меккеге деген ынтығы жеті жылдық дайындығы денесіне сіңіп кеткен, елдер алдында айтуға шамасы келмейді. Осы оқиғаны ғламаларға жеткізеді, олар бұл жігіт қажылығы өтелген болып Алланың алдына ихраммен барып айтады, ол жігіт жаннаттық деп айтыпты.

Қажылыққа бару

Қажылық деген сөздің мағынасы қажылық яғни араб тілінде Хаж- қажылық ниеттену деген сөз, ниеттенуді қалаймын деген сөз. Шариятта белгіленген арнайы орынға сол уақытында және іс-әрекетпен бар дегенді білдіреді. Ал қажылық үкімі Ислам дінінің негізгі шарттарының бірі. Кімде кім оның парыз екендігін теріске шығарса мұсылмандықтан шығады. Алла тағала Құран Кәрімде шамасы жеткен адамдарға Байтуллаға қажылық жасайды, міндеттейді делінген. Бес парыздың бірегейі қажылықты орындаса парыздары ақ ниетпен орындалғаны. Қажылық ер жеткен ақыл-есі тұзу, дені сау адамдар, азат мұсылмандарға парыз саналады. Қажылыққа барып келуге қаражаты жеткілікті жағдайда болуы керек. Әйел адамдар шығар болса, қасына күйеуін немесе баласын ерткені дұрыс. Меккеде намаз қысқартқандай ұзақ болса, бұларсыз шығуға болмайды. Қажылықтың парызы үшеу: 1. Ихрам кию 2. Арафат тауында тұру 3. Қағбаға тәуап ету. Қажылық уәжіптері үйінде қажылығың аяқталған соң Алла тағалаға мой-

ынсұну, құлшылық ету адамзат үшін қиын машақатты ол нәпсімен күресуді, шайтанды қуып дүние істерін жөндеуді талап етеді. Мұндай әрекет-терістелген іс-амалдардың сауабан арттыруына себеп болады, уахи қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде Хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с) уахи арқылы түсті. Уахи- сөзі жасырын сөзі, сыбырлап айту сөйлеу ишарат ету деген мағынада. Алла тағала елшілеріне кез-келген қалаған құбылыста келеді. Не уақиғаны уахи арқылы білдіреді, уахидың болатыны бізге беймәлім оны бір Алламен пайғамбарымыз ғана тиесілі деді имам. Ол Алла тағаламен пайғамбар арасындағы сырлы сөйлесу хәлі. Пайғамбарымызға уахи мынадай жолмен келеді, шынайы түс уахидің ең көне келу түрі, шынайы түс арқылы жүзеге асады екен.

Меккеде

Меккеде мешітте ақшам намазын оқып болып алаңға шықтым, қайтуға бет алып, оларды күтіп тұрдым. Шыққан халық ығы-жығы, кім қайда кетіп жатқанын өздері біледі, сапырылысып, топ-топ болып, бір бірімізді іздеп табысып, жөндеріне кетіп жатыр. Болмаған соң қызыммен сөйлестім, олар енді шығып келеміз деді, онда мен кете берейін деп келістім. Қонақүйге келіп түстім, тамақ уақыт та болыпты бұлар әлі жоқ. Өзім барып тамақтандым, қызым хабарласты біз келдік деп, мен тамақтанып отырмын дедім, онда біз тамаққа қазір барамыз деді. Біраз дем алып, құптан намазына бардық, өтеп, Аллаға жалбарынып, құлшылық қылып келдік, шаршағандай болып жүрмін. Бүгін күн ыстық болды 30-ға дейін барды, қыс уақытында ыңғайсыз екен. Ауасы таза бірақ құрғақ сияқты содан ба мен тез шаршадым. Жаттық азанда тұрсам жеңілмін кеуілім жай, бамдат намазына дайындалып, суға түсіп алдым, сергек көңілмен барып, намазымызды оқып қайттық. Әйелім мен қызыма -Кеше не болды, сонша кешіктіңдер?-деп сұрадым. Қызым:- мешіттен шығып келе жатсақ арбада отырған екі әйелге бір кезекші қол сілтеп «бұл жерде тұрмандар!» деп тұр екен. Екеуі шаршаған соң арбаға мінген ғой. Қасына барсақ, екеуі не істерін білмей отыр, дереу екеуінің арбасын итеріп былай барып, жөнін сұрасақ, балалары«намаз оқып шығамыз, осында отырып намаздарыңды оқи беріңдер» деп, кетіпті. Біраз күттік болмаған соң амам бұларды алып кетейік, көлікке мінгізіп, екеуін мінетін жерге алып барайық депті, апарып түсірсе, олар қайта-қайта алғыс жаудырып рахметін айтыпты. Түсерде қасындағылар көмектесіп алып кетіпті, жол жөнекей жөн сұрасақ менен жасы көп кіші екен. Ертеңіне өздері көлікке мініп түсіп жүр, аяқтары жазылған ғой. Айтпағым ол жерде бір-біріне жәрдем беруге дайын жүреді, бір-бірін демеп қуаттандырып жүреді. Бұл да болса Алланың шапағаты шығар қуаттандырып жіберетін. Бұл жерде сауап жинағанның тілегі қабыл болады екен, Алла амандық берсін, ендігі өмірде бес парызды өтеп орындай береміз, ниет тілегіміз қабыл болсын, қажылыққа барып, қажы атанып, келгендер амалдарыңызды Алла қабыл етсін, тілегіміз орындалды.

Сейітжанқажы ДӘНЕУЛЫ,
Көктөбе ауылы,
19.02-02.03.2022 жыл.

Ауыз судың қауіпсіздігі

Ауыз су — органолептикалық қасиеттері (иісі, дәмі, мөлдірлігі, т.б.) және химиялық құрамы адам организмі үшін қауіпсіз болып табылатын табиғи су. Адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді. Осыған байланысты ауыз суға мемлекеттік санитарлық талаптар қойылады. Олардың негізгілері: иісі мен дәмі көрсеткіші 2 балдан аспауы керек; түсі 200С-тан төмен, мөлдірлігі 30 см-ден артық; лайлылығы 2 мг/дм³-ден аз, кермектілігі 7 — ммоль/дм болуы керек. Ауыз суда кездесетін элементтердің артуы немесе жетіспеуі, адамды түрлі ауруларға шалдықтырады. Мысалы: кальций, магний тұздары аз болса, адам сүйегі морт сынғыш болады. Фтордың ауыз судағы мөлшері 0,7 — 1,5 мг/л-ден төмен болуы — флюороз және қарисес, темірдің, кобальт, мыстың жетіспеуі — анемия, бордың аз болуы асқазан аурулары, никельдің кем болуы — көз ауруларына шалдықтырады. Тұрғындардың шаруашылық-ауыз су қажетіне пайдаланылатын су келесі гигиеналық талаптарға сәйкес келуі қажет:

1. Органолептикалық қасиеттері жағымды, мөлдір, түссіз болуы және суға тән емес ешқандай бөгде дәм мен иістің болмауы;

2. Адам ағзасына зиянды әсерлерді беру қабілеті бар тұздар мен ұтты заттардың шамадан артық мөлшерде болмауы;

3. Патогенді қоздырғыштардың, гельминттердің жұмыртқалары және личинкаларының болмауы.

Орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі ауыз судың сапасына қойылатын талаптар санитарлық ережелер нормативті құжаттарда берілген. Әрбір тұрғын эпидемиологиялық және радиациялық тұрғыдан қауіпсіз, химиялық құрамы бойынша зиянсыз және жағымды органолептикалық қасиеттері бар ауыз суды тұтынуы керек.

Е.ТӨРЕБЕКОВ,

Созақ аудандық СЭББ басшы м.а.

Орманды өрттен қорғайық!

Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Керікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әртүрлі белсенділікпен жанады, бұл тек ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әртүрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі — сөндірісіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шыры, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңызак, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар өбден күйіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, күйіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүресінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұздан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Р.ЕРНАЗАРОВ,

Созақ орман және жануарлар элементі қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің өрт химиялық станциясының меңгерушісі.

Орман-елдің байлығы

Көктем келген сайын жыл сайын сексеуіл көшеттерін отырғызуды жайпай қолға аламыз. Осынау табиғат байлығының өсу мен айналаға керік беріп жайқалуы әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Таза экология, таза ауа, құмның тұрақтауы, жасыл белдеулі аймаққа айналып, ондағы жан-жануарларымыздың өркені жүруі ертеңгі ұрпағымыз үшін аманат. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу тұрақты жүзеге асырылып келеді.

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғын барлығымызға белгілі. Жер планетасының газылар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі — таза ауа екені баршамаызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Тоқтар ТӘЖІБЕКОВ,
Орман қорықшысы.

Хабарландыру

KAZ DDG LTD «ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің 57-2 бабына сәйкес, 2022 жылғы 17 мамырда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайқоңыр кенті мекен-жайында мәдениет үйінің ғимаратында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау сағат 11-де «Түркістан облысы Созақ ауданында орналасқан» Қаратау «көшініндегі №2 учаскені өнімді ерітінділерді өңдеу цехын жаңғырта отырып кеңейту «жұмыс жобасы бойынша» қоршаған ортаға әсерді бағалау есебі» өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында esportal.kz, сондай-ақ office@kazddg.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады +77026616646, amirzhan.dinara@gmail.com.

Объявление

ТОО «KAZ DDGLTD», в соответствии со ст. 57-2 Экологического кодекса РК, сообщает, что 17 мая 2022 года по адресу Туркестанская область, Созакский район, п. Тайқоңыр, в здании дома культуры состоятся общественные слушания в форме открытого собрания в 11ч. по «Отчету оценки воздействия на окружающую среду» к рабочему проекту «Расширение с модернизацией ЦППР участка №2 на руднике «Каратау» расположенного в Сузакском районе Туркестанской области».

С проектной документацией можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО «УПРиРП Туркестанской области»

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 р.дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экопортале [-esportal.kz](http://esportal.kz), а также по e-mail: office@kazddg.kz.

В случае введения ЧС и (или) ограничительных мероприятий, карантин, слушания проводятся онлайн. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экопортале и на сайте МИО.

Для дополнительной информации: +77026616646, amirzhan.dinara@gmail.com.

Жемқорлыққа жол жоқ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде көрініп отыр. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» №410-V Заңында сыбайлас жемқорлық ұғымына — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктері және соған байланысты мүмкіндіктері жекө өзі немесе делдалдар арқылы жекө өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу-деп түсінік берілген.

Заңдылық, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы, жариялық пен ашықтық, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс қимыл жасауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге келгенді пайдалану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтарпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдың негізгі қағидаттары күнделікті жұмыс барысында басшылыққа алынады.

Жекө мүддені қанағаттандырудан тұратын жымсықы әрекеттен бастау алып, жалыны жалпы қоғамды шарпытын жемқорлық әрекеттерін айыптап, жұмыла қарсы тұру баршаның міндеті екенін естен шығармайық. Жемқорлықпен жұмыла күрес жүргізейік!

М.ОРМАНОВ,
Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДІ

«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларының) талаптары бұзылған жағдайда **4-11-00** сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

«№1 колледж» МКҚК-ның әкімшілігі, ұжымы, кәсіподақ комитеті колледждің арнайы пәнінің оқытушысы Валибаев Қайраттың анасы

Валибаева Майсаның

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құрметті автокөлік жүргізушілері! Сіздің қауіпсіздігіңіз өз қолыңызда!

Сіздерден «Өрт қауіпсіздік ережесі» талаптарының сақталуын қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз.

Көліктердің жүру жиелігі мен жылдамдықтарын арттыру жол — көлік оқиғаларының орын алуына, адам өлімі мен материалдық шығынның артуына әкеліп соғады. Автокөліктердің пайдалану тиімділігін арттыру, оның қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етуге тікелей байланысты. Автокөліктерді пайдаланудағы қауіпсіздікті арттырудың ең маңызды элементтердің бірі, оның өртке қауіпсіздігін қамтамасыз етуде.

Автокөліктерде болған өрттердің салдары апаттарға, адам өлімі мен техникалардың істен шығуына әкеліп соғады. Сондықтан автокөліктердің өрт қауіпсіздігі жағдайын арттыру мақсатында оларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау қажет.

Көліктерді апаттардан және өрттерден сақтау мақсатында төмендегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтағандарыңыз жөн:

- Автокөліктердің механизмдері мен тораптарының дұрыс істеуін қадағалаңыз;

- Гараж бөлмесінде жанатын материалдардан жасалынған үй жиһаздары мен бұйымдарын және жанатын сұйықтықтар мен тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтамаңыздар;

- Гараж бөлмесінде темекі шекпеңіздер;


- Өрт оқиғасы болған жағдайда, жүргізуші тез арада автокөлікті тоқтатып, қозғалтқышты өшіріп, аккумулятор батареясын ажыратып жолаушыларды қауіпсіз жерге көшіріп, телефон арқылы «101» ге хабарлап, сол арада өртті алғашқы өрт сөндіру құралдарымен сөндіруге шаралар қолданыңыз;

Автокөліктерде болған өрттерді талдау нәтижесінде, өрттердің шығуының басты себебі автокөліктердің электр тізбектеріндегі қысқа тұйықталу салдарынан болғандығы анықталды. Егер де автокөлікте ақаулар байқалған жағдайда оны тез арада жөндеу керек. Көліктерде электр тізбектерінде зауыттық үлгідегі қорғағыш қондырғысын пайдаланыңыздар.

С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары, азаматтық қорғау лейтенанты.

Өткенімізді еске алмасақ, бабалар салған сүрлеулердің сан соқпақтарына сапар шекпесек ұрпақтық парызымыз қайда қалмақ. Кешегі аласапыранды, отты жылдарда ұрда жық саясаттың лаңынан Созақ өңірі де аз азап шекпеді. Қасіретті кезеңнің ауыр салмағы қанша шаңырақты ортасына түсірді. «Отаным Кеңестер Одағы», «шаруаның ұлымын», «Кеңес үкіметі жарылқаушым» деп жүргенде әп сәтте сол әзі қазалайына артық сенген үкіметі, партиясы «халық жауы» атандырығанына таң қала жүріп талай боздақ атылып кетті. Әйгілі Созақ көтерілісі қазақ даласындағы 300-ге жуық көтерілістің ішіндегі өзгешесі, әрі 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің қарлығышы десе де болады. Үстемдік етіп тұрған қанды қылышты қызыл өкіметке қарсы тұру деген ол кезде қияметті көзсіз ерлік болатын. Ол заманда солақай саясат шындығын айтуға болмайтын, ал қара халықтың тілек-мүддесі мүлде ескерілмейтін. Бас көтергендерге жазалау шаралары жүргізіледі. 1929-1931 жылдары көтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін НКВД органдары 5551 адамды соттап, оның 883-ін атып жібереді. Жалпы алғанда, күштеп ұжымдастыру кезінде 10 мыңнан астам адам жазалайына. Осылайша, қазақ халқы атажұртында отырып-ақ ана тілінен, ұлттық ерекшелігінен, дінінен айырмақшы болған қауіпті қара сызықтың келесі жолағын атаған болатын. Голощекин Қазақстанға бірінші хатшы боп келгеннен кейін бұл процесс ашық түрде жүргізілді. «Голощекин геноциді» жөнінде айтқан кезде 1928 жылы басталған ашаршылыққа ерекше назар аударған жөн. Оған 1926-27 жылдардағы ауқатты шаруа мен байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу және халықты ұжымдастыру науқаны түрткі болған. Малды тартып алған соң, халық қынадай қырылған. Тіпті бір-бірінің етін жей бастаған. 1932 жылғы тамызда ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев Сталинге хат жолдаған. Онда қазақтардың аштан қырылуы, босып кету деректерін бүкпей баяндап, өлкелік комитеттің көзбояушылыққа жол беріп, аштыққа апарған әсіре науқан-шылдығы мен оны үстей түскен ауылдардағы шолақ белсенділікті жасырмай әшкереледі. Бар айыпты бір адамға үйіп-төуге болмайтынын ескертті. Күйзеліске өлкеком бюросы түгел, оның ішінде, басшы қызметкер ретінде, өзінің де белгілі дәрежеде жауапты екенін мойындай отырып, басшылықты жаңарту қажеттігін айтты. Бірінші хатшының айрықша рөлі баршаға белгілі екенін атап көрсете келе, О.Исаев Голощекинді өз қателіктерін түзетуге қауқарсыз деп ойлайтынын да жазды. Ол Бас хатшы И.В. Сталиннің тікелей өзіне осындай пікірін ашық жолдап, Қазөлкекомның бірінші хатшысы Голощекинді ауыстыру қажеттігін тұңғыш та дара, әрі жалғыз көтерді. Әрине оның ондай пікірі бірден қош алына қойған жоқ. Сонымен бірге, О.Исаев қазақ ауылы мен мал шаруашылығы жөнінде шұғыл атқарылуға тиіс ұсыныстарды да тұжырымдап, сол мәселелер жөнінен Орталық Комитеттің арнайы шешім шығаруын сұраған-ды. Бұл өтініші қанағаттандырылды. 1932 жылғы 17 қыркүйекте БК(б)П Орталық Комитеті Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы жөнінде қаулы қабылдады.

Алайда, оның орындалуы да мардымсыз болды. Голощекиннің партия активінде «Орталық Комитет 17-қыркүйектегі қаулысымен мақұлдаған



Қилы кезең-қасіретті жылдар

Қазөлкекомның ауылды қайта құрудағы ірі жетістіктері» жөнінде айтқан өтірікке толы бөспе-сөзінен қайран болмады. Халық аштық, індет зардаптарын тарта берді, қырылу, босқындық тыйылмады. 1933 жылғы 9 наурызда Т.Рысқұлов кәсемге Қазақстандағы ауыр жағдай мен оның себептерін баяндап, тұйықтан шығарар ұсыныстар қорытқан екінші хатын берді. Ұзамай республикада Левон Мирзоянның басшылығымен, шетелдерге асып кеткендер мен аштықтан қырылғандарды ауызға алуға тыйым салулы ахуалда, ашаршылық зардаптарын мал шаруашылығындағы жағдайды жақсарту арқылы жоюға бағытталған жұмыстар жүргізіле бастады...

Кешегі Созақ көтерілісінде жан сауғалап Өзбекстан асқан бай қуатты болған Аяп Тойшыбекұлы ақсақалдың өмір жолдары көптеген қиыншылықтарға толы. Аяп ақсақалдың арғы атасы тарихтарда кеңінен танылмай Айгелді датқа (Кей деректерде Әйгелді датқа деп те айтылады). Айгелді датқа екі ағайынды болған екен. Айгелді және Хангелді. Айгелді бабамыз датқа атағын Сол кездегі Қоқан ханы Құдиярға барып ерлік көрсетіп алған екен. Қоқан ханы Құдияр елге әскерін жіберіп салық жинаған екен, салық төлеуге шамасы келмеген елдің қызын, қатын-баласын алып кетіп Қоқанның базарында сатады екен. Бір жолы тағы да салық жинаушылар келгенде Айгелді салық жинаушыларға халықты ұйымдастырыпсалық орынына біз адам бермейміз деп қарсы тұрады. Қалың қол әскер қарсылық көрсеткен Айгелдіні ханға әкетеміз деп алып кетеді. Барып Қоқан ханына Айгелдіні алып кіріп барғанда Қоқан ханы Құдияр отырған орнынан ұшып түрегеліп, шабармандарына ең көркем үйге жайғастыруды тапсырып, бар жағдайын жасауды бұйырады. Шабармандар Айгелдіні алып шыққан соң уәзірлерінің бірі ханға: «Хан ием неге оларға сонша құрмет көрсеттіңіз?» дегенде хан: «екі иығында тұрған екі арыстанды көрдім, олар маған айбат шегіп ұмтылғалы, тарпа бас салғалы тұр екен, құрмет көрсетпеуге амалым қалмады» деген екен. Хан өзінің уәзірлеріне «талаптарын толығымен орындап, сый-сияпатын көрсетіп, шығарып салыңдар!» деген екен. Кейін Айгелді датқа Кенесары ханның тұсында Наурызбай батыр-

мен бірге қырғыздарға қарсы ұрыста үлкен ерлік көрсеткен. Айгелді датқаның сол кездегі тұрағы Төрт ши қазірге Абай ауылы, Таукент елді мекенінің оңтүстік шығысында Дарбыттың етегінде Айгелді датқаның кесенесінің орыны бар, кесенені Кеңес дәуірінің кезінде қызыл танау белсенділер бұзып жермен жексен еткен. Қазір көктасы ғана тұр. Жалпы Айгелді датқадан Жайшыбек, Тойшыбек, Төлек болып тарайды. Ал Хангелдіден Жақсылық деген ұрпағы тарған.

Жайшыбектен Тәукебай, Тәукебайдан Бейсенбай, Бейсенбайдан Бақытжан, Бауыржан, Рахымжан, Мұхамбетжан болып тарайды.

Ал Тойшыбектен Аяп, Қайралап. Қайралаптан екі қыз қалған, Аяптан Қаныбек, Қаныбектен Мейірбек, Бахыт, Мейірқұл, Бауыржан, Батырхан, Ғалымжан, Біржан, Нұржан, Бекжан атты ұрпақтары бар.

Кенжесі Төлектен Әбдіраман, Әбдіраманнан Тастыбай, Тастыбайдан Қошқарбай, Беркінбай, Есен, Сарсенбай, Жұмабек, Сарсенбек, Оңғар болып жалғасады.

Жайшыбектен туылған Тәукебай кешегі қылышынан қан тамған кеңес заманында Созақ аудандық милициясының басшысы болып қызмет атқарады. Тойшыбектен туылған Аяп сол кездегі бай-қуатты, бір рулы елді асыраған дәулеті тасыған адам болған екен. Жайшыбеков Тәукебай ақсақал туралы кітап биылғы жылы оқырмандар қолына тиді. Ол кітапта Тәукебай атамиз туралы деректер барынша қамтылған болатын. Сол Аяптың қыстық қыстау мекені Көкмұрын той деген жер екен. Сол жердегі атшаптырым сайға жылқыларына жинап, сол сай жылқыға толса, онда жылқының саны түгел деп таныған деседі. Жаздық жайлауы Арқа бойлай Сарысу өзенін жағалап отырады екен.

Аяп атамиздың 37 жасында бәйбішесі өмірден озып екі перзентпен қалып, 17 жастағы Ажыраны алған екен. 1929 жылы кеңес үкіметінің бай-құлақтарды қудалау басталған кезде Жайшыбектен туылған Тәукебай бауыры Аяптың үйіне бір күні түнде жасырын келіп: «Бүкіл мал- мүлкің кеңес үкіметіне тәркіленді. Ата малынан мына көк айғырды амалдап алып қалдым осы айғырды мінде бүгін түнде Қаратаудан асып кетуің керек, кетпе-

сең мен сені арашалап алып қала алмаймын» деп сол түнде бауыры Аяпты тау асырып қашырып жіберген. Аяп бір жеті бұрын бәйбішесінен туылған ұлы Абсаметті ілестіріп Ажыра анамызды Түркістан арқылы төркініне жөнелтіп жіберген екен. Сол қашқан күйі Өзбекстанның Әндіжан қаласына бас сауғалап тұрақтайды. Әндіжанда 1937 жылы қызы Базарқұл, 1942 жылы ұлы Қаныбек өмірге келеді. Әндіжанда ұры-қары көп болуы салдарынан Ажыра анамыз баяғы «ата малынан қалған» көк айғырды сатып ақшасын сандықта сақтайды, ақша ауысса ауыстырып қайта сандыққа салып қояды. Кейін 1943-1944 жылдары Қазақстанға өтіп Келес ауданы сол кездегі Ворошилов колхозына көшіп келеді. Сол жерден ұлы Абсамет соғысқа алынып хабар ошарсыз

кеткен. Ол туралы деректер мардымсыз. «ОБД Мемориал» сайтынан іздегенде «Аяпов Авсамет. Дата рождения: 1912. Место рождения: Казахская ССР, Чимкентская обл., Туркестанский р-н. Дата призыва: 05.1942 Пахта-Аральский РК, Казахская ССР, Южно-Казахстанская обл., Пахта-Аральский р-н

Дата призыва: 05.1942. Воинское звание: рядовой. Дата выбытия: 01.1945

Причина выбытия: пропал без вести. Информация об архиве ЦАМО. Фонд ист. информации: 58. Опись ист. информации: 977520. Дело ист. информации: 607» Осы құжаттар арқылы Аяпов Әбсемет туралы деректерді Ресейдің Қорғаныс министрлігінің орталық архивіне сұрау салып іздестіруге болады.

Әңгімізге қайта оралсақ, 1953 жылы Аяп ақсақал 73 жасында сол жерде өмірден озады. 1965 жылы Ажыра ұлы Қаныбек пен қызы Базарқұлды алып атамекен Созақ ауданы, Қақпансор елді мекеніне көшіп келген. Сол жерде ұлы Қаныбек отбасын құрды. Ажыра анамыз ата малынан қалған көк айғырдың қаржысына елге келген соң екі сиыр сатып алып немерелеріне ата малының тұқымы деп мұра еткен екен. Ажыра ана 1980 жылы 80 жасында өмірден озды о дүниелік болғанға дейін Айгелді датқа туралы көптеген әңгімелерді айтып отыратын, соның ішіндегі мына сөзі есімде,- дейді келіні Куланда анамыз. Айгелді датқа өлер шағында былай деген екен: Мен жеті ұрпағыма өз несібелерін беріп кетіп барамын, ауызында Алласы мен асы, астында аты болады, бай болып елдің алдына түспейді, кедей болып елдің артында қалмайды, деген екен. Сол айтқаны келуде Құдайға шүкір біреуден кейін біреуден ілгері басымыз бүтін өсіп өніп жатырмыз,- дейді әңгімесін қайта жалғаған Куланда анамыз. Кешегі сол зұлмат замандарда ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, ашаршылық пен жоқшылық, қуғын-сүргін, қудалау белең алған елең-алаң жылдардың жаңғырығы әлі күнге дейін өшпестей, жазылмастай жан жарасы болып қалды. Еліміз егемендік алғаннан кейін ғана ақтаңдақтарымыз біртіндеп айғақталып жатыр. Бұл күнге де шүкірлік етеміз!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.